

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)
Синупрет®**

Саудалық атауы
Синупрет®

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі, дозасы
Ішуге арналған тамшылар, 100 мл

Фармакотерапиялық тобы
Респираторлық жүйе. Жөтел және суық тию аурулары кезінде қолданылатын препараттар. Жөтел және суық тию аурулары кезінде қолданылатын басқа препараттар.
АТХ коды R05X

Қолданылуы
- тұтқыр секреттің түзілуімен қоса жүретін жедел және созылмалы риносинуситтерде (этмоидиттер, фронтиттер, гаймориттер).

Қолданудың басталуына дейінгі қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- дәрілік препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- маскүнемдік, эпилепсиядан зардап шегетін адамдар және бауыр ауруы бар пациенттер (құрамында алкоголь болғандықтан, «Айрықша нұсқаулар» бөлімін қараңыз)
- 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер және балалар

Қолдану кезіндегі қажетті сақтық шаралары

Егер симптомдар 7-14 күннен ұзаққа созылса, нашарласа немесе кезең-кезеңімен қайталанып жатса, және/немесе пациентте ұзақ немесе жоғары қызба, қатты бас ауыруы, беттің ісінуі немесе анық емес шағымдар болса, дәрігерге жүгіну қажет.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі осы уақытқа дейін белгісіз.

Арнайы ескертулер

Синупрет® тамшылары құрамында 19% спирт бар. Синупрет® тамшылары құрамында спирт болғандықтан, маскүнемдіктен зардап шегетін пациенттерге, сондай-ақ алкогольге қарсы ойдағыдай ем жүргізілгеннен кейін қабылдауға болмайды.

Препарат құрамында алкоголь барын дәрілік затты ұсынылғанынан асатын дозаларда қабылдаған жүкті немесе бала емізетін әйелдер, балалар және жоғары қауіп тобындағы, мысалы бауыр аурулары немесе эпилепсиясы бар пациенттер ескеруі тиіс.

Сақтау барысында аздаған бұлыңғырлануға немесе шөгінді түзілуіне жол беріледі. Бұл препараттың тиімділігіне әсер етпейді.

Қант диабетімен ауыратын науқастарға ескерту

Синупрет® тамшылары құрамында есептелетін көмірсулардың тиісті мөлшері жоқ.

Педиатрияда қолдану

Препарат 18 жасқа дейінгі балаларға қолданылмайды.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Синупрет® тамшыларын емдеуші дәрігер жүктілік кезеңінде қауіп пен пайданы мұқият бағалағаннан кейін ғана тағайындау тиіс.

Лактация (бала емізу) кезеңінде препаратты осы кезеңде қолдану жөніндегі деректердің болмауына байланысты қабылдауға болмайды.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препарат ұсынылған дозаларда көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді

Қолдану бойынша ұсынымдар

Дозалау режимі

Ересектер мен 18 жасстан асқан жасөспірімдерге: 50 тамшыдан күніне 3 рет.

Енгізу әдісі мен жолы

Пероральді қолдануға арналған.

Қолданар алдында шайқау керек.

Асқазаны сезімтал пациенттерге немесе белгілі асқазан аурулары кезінде аса сақтық талап етіледі, Синупрет® тамшыларын тамақтан кейін бір стақан сумен ішіп қабылдаған дұрыс.

Қабылдау уақыты көрсетілген қолдану жиілігі

Синупрет® тамшыларын күніне 3 рет (таңертең, түсте және кешке), судың аз мөлшерімен қабылдайды.

Емдеу ұзақтығы

Емдеу курсы 7-10 күнді құрайды.

Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажетті шаралар

Артық дозалану жағдайында жағымсыз әсерлер анағұрлым қарқынды болуы мүмкін.

Егер сіз ұсынылған дозадан көп қабылдасаңыз, бұл туралы дәрігерге хабарлаңыз. Сіздің дәрігеріңіз қажетті шараларды қабылдайды.

ДП стандартты қолдану кезінде көрініс табатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдануы керек шаралар

Мына жағымсыз әсерлер мүмкін:

Жиі емес:

- асқазан-ішек бұзылыстары (мысалы, іштің жоғарғы бөлігінің ауыруы, жүрек айнуы)
- аса жоғары сезімталдықтың жергілікті реакциясы (мыс. бөртпе, терінің қызаруы, қышыну)

Белгісіз:

- ауыр аллергиялық реакциялар (мысалы, енгігу, Квинке ісінуі, беттің ісінуі).

Жағымсыз әсерлер туындаған кезде (әсіресе аса жоғары сезімталдық реакциялары/аллергиялық реакциялар) препаратты қабылдауды тоқтату және дәрігерге жүгіну керек.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әрекеттер) бойынша тікелей ақпараттық дерекқорға жүгіну

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

100 г препараттың құрамында

белсенді заттар:

29 г сулы-спирттен алынған:

шерменгүл тамыры*	0.2 г
тостағаншасы бар наурызгүл гүлі*	0.6 г
қымыздық шөбі*	0.6 г
аюбадам гүлі*	0.6 г
нарқайсар шөбі*	0.6 г

қосымша заттар:

тазартылған су 71.0 г

* - 59% (к/к) этил спирті экстрагенті

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Мөлдір немесе сәл бұлыңғыр, сарғыш-қоңыр түсті, хош иісті иісі бар сұйықтық. Сақтау кезінде аздап бұлыңғырлануы немесе шөгінді түзілуі мүмкін.

Шығарылу түрі және қаптамасы

100 мл препараттың жоғары жағында тамшылататын дозалағыш құрылғысы, бұрандалы қақпағы бар және алғашқы ашылуы бақыланатын күңгірт шыныдан жасалған құтыларда.

Құтыға өздігінен желімделетін заттаңба жапсырылады.

1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге бүктемелі картон қорапшаға салынады.

Сақтау мерзімі

2 жыл

Құтыны ашқаннан кейінгі қолдану мерзімі 3 ай.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

Түпнұсқалық қаптамасында, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші туралы мәліметтер

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электронды пошта: info@bionorica.de

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электронды пошта: info@bionorica.de

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың қауіпсіздігін тіркеуден кейінгі бақылауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Бионорика КАЗ» ЖШС

050060 Алматы қ., Жароков көшесі 331, тел: 250-93-99

e-mail: info@bionorica.kz